

М. Ж. Ыбышев, қылмыстық іс жүргізу кафедрасының оқытушысы, полиция майоры;

И. Т. Лескина, қылмыстық іс жүргізу кафедрасының оқытушысы, полиция капитаны

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУДЕГІ АҚШАЛАЙ ЖАЗАНЫ ЖАУАПКЕРШЛІК РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақстан Республикасының Президентінің «Әлеуметтік-экономикалық модернизация — Қазақстан дамуының басты векторы» деп аталатын 2012 жылғы 27 қаңтардағы халыққа жолдауында қылмыспен күресуді оңтайландыру, заңнаманы заман талабына сәйкес жетілдіру жөнінде сөздер айтқан болатын. Сонымен қатар, Қазақстан — 2050 стратегиясы, Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы да қылмыстарды жылдам әрі толық ашу. Қылмыс жасаған адамды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-іздік қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық құралдарды әзірлеуді талап етеді.

Соңғы кезде заңдылықты нығайту, экономикалық және қоғамдық қатынастарды дамыту ең негізгі міндеттердің бірі болып табылады. Қылмыспен күрес жолында құқық қорғау

органдарының қызметкерлері — тергеушілер, анықтаушылар заңдылықты сақтау үшін Қылмыстық іс жүргізу кодексын дұрыс қолданулары тиіс.

Қылмыстық іс жүргізудегі жауапкершілік шарасы ретінде ақшадай жазаға тарту негізі қылмыстық іс жүргізу қатысушыларының қылмыстық іс жүргізу заңымен рұқсат етілмеген әрекетті жасауы, яғни іс жүргізулік құқық бұзушылық болып табылатындығын айтуға болады. Сондықтан, қылмыстық іс жүргізудің белгілі бір қатысушысын ақшадай жаза түріндегі қылмыстық іс жүргізулік жауапкершілікке тартудың әрбір жағдайында, алдымен оқиғаны құқық бұзушылық фактісі ретінде анықтап оны дәлелдеу қажет, сонымен қатар, құқық бұзушылық жасаған тұлғаның кінәлілігін анықтап дәлелдеу де осы аталған мақсат шеңберіне кіреді.

Ақшалай жаза — қылмыстық іс жүргізудің басқа да қатысушыларының өздеріне жүктелген іс жүргізулік міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін қолданылатын материалдық жауапкершілігі (ҚР ҚГЖК 160-6.)¹.

Ақшадай жаза іс жүргізулік құқық бұзушылық үшін көзделетін іс жүргізулік жауапкершілік болғандықтан, жеке кепілдік берушіні осы шараға тарту үшін, алдымен оның кінәсін анықтап алу қажет. Айыпталушының (сезіктінің) өзіне қатысты қолданылған жеке кепілдік түріндегі бұлтартпау шарасының шарттарын бұзғандығымен қатар, кепілдік берушінің кінәсі мен әрекетсіздігін дәлелдеу керек, оның өзіне жүктелген іс жүргізулік міндеттерін адал ниетпен орындамағандығын анықтау қажет. Іс жүргізулік әдебиеттерде айыпталушының (сезіктінің) жеке кепілдік ретінде қолданылған бұлтартпау шарасының шарттарын бұзуы барысында кепілдік берушінің кінәсін дәлелдеу өте күрделі екендігі айтылған. Өйткені, айыпталушының (сезіктінің) дұрыс мінез —құлқын қамтамасыз етудегі кепілдік берушінің әрекеттері нақты іс жүргізулік сипатында қарастырылмаған. Бұл мәселені кінәлілік презумпциясының көмегімен шешуге болады. Мәселен, кепілдік беруші айыпталушының (сезіктінің) бойтасалап кетуі барысында өзінің іс жүргізулік міндеттерін адал ниетпен орындағандығын дәлелдесе, онда ол жауапкершіліктен босатылады².

Сонымен, қылмыстық заңнамамен өзге де мәжбүрлеу шаралары қатарына жатқызылған ақшалай жазаны жауапкершілік ретінде қарастырылуы қажет.

Бұл ақшалай жазаның жаңа көкжиектерін ашуына сөзсіз септігін тигізеді. Осы тақырыпқа қатысты зерттеуді әрі қарай жүргізу жалғасын табатынына сенімдеміз.

1 Байғараев А. С. Қылмыстық іс жүргізудің қатысушыларына қатысты ақшадай жазаны тағайындаудың негіздері // Қарағанды «Болшақ» ун-ті. — Қарағанды, 2010 — 17-6.

2 Қар.: Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Российской Федерации / Под ред. А. В. Смирнова. — С. 284.